

"Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамыту және басқару бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 22 мамырдағы 107-ө Өкімі

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын (бұдан әрі - «Қорғас» ШЫХО») одан әрі дамыту және басқару жөнінде ұсыныстар әзірлеу м а қ с а т ы н д а :

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Р а у Альберт Павлович	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі, жетекші
С к л я р Роман Васильевич	-	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі, жетекшінің орынбасары
Б е к м ы р з а е в Ерлан Орынбасарұлы	-	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті арнайы экономикалық аймақтар басқармасының бас сарапшысы, хатшы
С м а й ы л о в Жанболат Амангелдіұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Н ұ р ы м б е т о в Біржан Бидайбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице - министрі
Т ы н ы б е к о в Қайрат Сағатханұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Х а с е н о в Сақташ Сатыбалдыұлы	-	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы
Ж а қ ы п б а е в Нигмат Хамитұлы	-	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы
Б е к ш и н Жандарбек Мұхтарұлы	-	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы
Т э н Игорь Викторович	-	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары
С ә д у а қ а с о в Нұрқан Олжабайұлы	-	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының орынбасары
Сабыржанұлы Аслан	-	Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Экономика салаларын дамыту департаментінің директоры
Б е к ж а н о в Серік Рахметжанұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі шекаралық бақылау төрағасы, полковник (келісім бойынша)
Т ө л е б а е в Жәнібек Кошқарұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бас штаб директорының бірінші орынбасары, полковник (келісім бойынша)
Т у н и я з о в Руслан Нұрмұхамедұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі шекаралық бақылау төрағасының бірінші кеңесшісі, подполковник (келісім бойынша)

Ә ш і м о в Ерік Сәрсекбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Азия және Африка департаментінің Шығыс және Оңтүстік – Шығыс Азия басқармасының бастығы
С ә р с е к е е в Қуаныш Мейірбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Газ өнеркәсібін дамыту департаменті газ жобаларын дамыту басқармасының бастығы.
М ү т ә л і п о в Жәнібек Қайриденұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Спорт инфрақұрылымы және ойын бизнесін үйлестіру департаменті директорының орынбасары
О с п а н о в Асылхан Зейноллаұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Үйлестіру департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша)
Б о р а м б а е в а Айсұлу Қасенқызы	-	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Салық заңнамасын түсіндіру және жетілдіру басқармасының бастығы
А з т а е в а Назгүл Мырзағалиқызы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Стратегиялық даму департаменті нормативтік құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.11.14 211-ө
Өкімімен.**

2. Жұмыс тобы 2013 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде «Қорғас» ШЫХО-ны одан әрі дамыту және басқару жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 2012.11.14 211-ө
Өкімімен.**

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 2012.11.14 211-ө
Өкімімен.**

Премьер-Министр

К. Мәсімов